

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚОРШАҒАН ОРТА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.10.2022 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал –техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Қ.Ниязов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Серік Ұ.

**Күн тәртібі:**

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
  - әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
  - түлектер моделін әзірлеуге қатысу
4. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.** АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу, Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды:**

АК жұмысы ұйымдастырылып «Қоршаған орта» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» басшысы Қ.А.Абдуалиевпен және Түркістан қаласы "ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша экология департаменті" РММ басшысы Қ.Калмаханмен, Қаратау қорығы ММ басшысы А.Қ.Ниязовпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Қ.Ниязов:**

Қазіргі таңда мамандар экологиялық жауапкершілік, табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, табиғи жүйелер мен олардың компоненттерінің өзара іс-қимылын, жұмыс істеуін, дамуын, Жер саласында жүретін негізгі процестерді білу, далалық, Техникалық құжаттамамен, карталармен жұмыс істей білу, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, Ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, геоақпараттық жүйелер, Деректер базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде- экологиялық зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз

**АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков:**

Пікірлеріңізге толық қосыламын. Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ. Өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

**АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.:** Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**Шешім:** Қоршаған орта даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:**



**Г.Б.Тойчибекова**

**Хатшысы:**



**Қ.Т.Сарыбаева**